

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Бүгінгі қоғамда баланың жан-жақты дамуы мен қауіпсіз, мейірімді ортада тәрбиеленуі – әрбір ата-ананың басты арманы.

Осы тұрғыда біз, ата-ана ретінде қызымыз Нұрдана Ығлымнаның «Балауса» бөбекжайында тәрбиеленіп жатқанына ерекше ризашылығымызды білдіргіміз келеді. «Балауса» бөбекжайы – тек қана білім мен тәрбие беретін мекеме емес, бұл – әр баланың ішкі әлемін түсініп, оның әр қадамын сүйіспеншілікпен қадағалайтын, шынайы қамқорлық ордасы.



Бір жылдың ішінде қызымыздың бойындағы оң өзгерістер, тілінің дамуы, ортаға бейімделуі мен өзіне деген сенімділігі – осы ұжымның жүйелі әрі жан-жақты еңбегінің айқын дәлелі. Ең алдымен, бөбекжай ұжымын бір мақсатқа жұмылдырып, ұйымшылдықпен басқарып отырған бөбекжай директоры Айнұр Севелованың еңбегін ерекше атап өткіміз келеді. Басшыға тән іскерлік пен адамгершілікті қатар ұстанатын, ұжыммен тіл табыса білетін кішіпейіл болмысы бізді тәнті етті. Оның жетекшілігімен бөбекжайда әр баланың қауіпсіздігі мен дамуына бағытталған орта қалыптасқан. Сонымен қатар бөбекжайдың тәжірибелі әдіскері М. Есқалиеваның кәсіби шеберлігі де назардан тыс қалмайды.



Оқу-тәрбие процесінің жүйелі жасалуы, педагогтердің әдістемелік тұрғыда қолдауға ие болуы – баланың сапалы тәрбиесіне тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Қызымыздың жеке қабілеттерін ашуда консультациялық пункт мамандарының да еңбегі зор. Бөбекжайдың педагог-психологі М.Даулетова баланың психологиялық дамуына ерекше көңіл бөлсе, логопед маман К.Күкекбаева тіл кемшіліктерінің алдын алуда кәсіби қолдау көрсетіп келеді. Ал педагог-ассистент Б.Тобышова күнделікті оқу-тәрбие барысында баланың қажеттіліктерін ескеріп, жан-жақты қолдау танытады.

Әрине, баланың күнделікті өмірінде ең жақын жандар – топ тәрбиешілері.

Осы ретте Нұрдананың тікелей тәрбиесі мен дамуына жауапты тәрбиешілер Зина Серікбаева мен Айзада Шорманованың, сондай-ақ тәрбиеші көмекшісі Тойдық Ыстыбаеваның еңбегін ерекше атап өткіміз келеді.

Олардың мейірімі мен сабырлылығы, әр балаға жеке тұлға ретінде қарауы – ата-ана үшін үлкен сенім.

Қорыта айтқанда, «Балауса» бөбекжайының ұжымы – өз ісіне адал, жүрегі бала деп соғатын кәсіби мамандардың бірлігі. Осындай мекемеде менің кішкентай қызым Нұрдананың тәрбиеленіп жатқандығына ризамын әрі мақтаныш етемін. Ұжымға алдағы жұмыстарына толағай табыс пен шығармашылық шабыт тілейміз.

Анар МАДЕНОВА,
Бейнеу ауылы.

Библиографияның қоғамдағы рөлі

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысын бойына сіңірген адамзат ойының жемісі. Адам баласының алға жылжуына, рухани кемелденуіне, адамгершілік биігіне көтерілуіне өлшеусіз үлес қосады. Ұлы ойшыл Әлішер Науаи «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» деп тегін айтпаған. Шынында да, білім мен парасаттың қайнар көзі – кітапта.

Қабилла Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында оқырмандардың кез келген сұранысына жедел, толық әрі шынайы ақпарат беретін анықтама-библиографиялық бөлім қызмет атқарады. Бөлімнің негізгі міндеті – электрондық каталогты тиімді пайдалану арқылы анықтама-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру. Сонымен қатар өлкетану бағытындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өлкетану картотекасын қалыптастыру, дәстүрлі тақырыптық папкалар әзірлеу жұмыстары жүйелі түрде жасалады.

Білім оқу орындары мен түрлі мекемелерде кітапхана-библиографиялық білімді насихаттап, ақпараттық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді. Серверлер мен жергілікті желілердің, бөлімдегі техникалық құрал-жабдықтардың тұрақты жұмысын қадағалайды. Аудан кітапханашыларына әдістемелік және библиографиялық көмек көрсетіп, бес модульді автоматтандырылған кітапханалық Web-RABIS жүйесінің мүмкіндіктерін тәжірибе жүзінде таныстырады. Сонымен бірге әр түрлі тақырыптық библиографиялық құралдар дайындайды.

2025 жылы жарық көрген библиографиялық басылымдар қатарында бірқатар көрнекті тұлғаларға арналған еңбектер бар. Атап айтқанда, көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына орай «Қазақ тарихының әдеби суреткері», ақиық ақын Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығына «Қадыр жырының өшпес ғұмыры», Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдығына «Құстар қайтып барады», Темірхан Медетбектің 80 жылдығына «Ақындық тағдыр – Ақ қайың» атты көрсеткіштер жарық көрді.

Сондай-ақ қоғам қайраткері Тобанияз Әланияұлының 150 жылдығына «Өлкенің ақиық азаматы», жазушы Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына «Бар қазақтың жүрегіне жол тапқан», әулие, абыз, діни ағартушы Бекет Мырзағұлұлының 275 жылдығына «Қазақтың бір ұлы бар Бекет деген», журналист Ғалым Әріптің 65 жасына «Жұлдыз ғұмыр», қоғам қайраткері Ибаш Жанболатованың 105 жылдығына «Маңғыстау патшайымы атанған» атты библиографиялық құралдар құрастырылды.

Өңірдің өнерпаздары мен тарихи тұлғалары да назардан тыс қалған жоқ. Күйші Өскінбай Қалманбетұлының 165 жылдығына «Өнері өрге өрлеген Өскінбай», батыр Шотан Назарұлының 315 жылдығына «Ел тірегі-ерен тұлғалар», ақын Жұбан Молдағалиевтің 105 жылдығына «Жыр тұлпары – Жұбаған», Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына «Жиһангез», Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына «Қазағын оятып, ойлантаң», Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына «Мәңгілік өнеге», Доспамбет жыраудың 535 жылдығына «Доспамбет деген дауыл жыр», балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің 130 жылдығына «Балалар бағбаны» атты көрсеткіштер де дайындалды.

Сонымен бірге алыс және жақын шетел қаламгерлерінің мерейтойларына арналған библиографиялық еңбектер де жарық көрді.

Атап айтқанда, А.С. Грибоедовтың 230 жылдығына «Куда влечет тебя свободный ум», Фридерик Шопеннің 215 жылдығына «Образ любви», М.А. Шолоховтың 120 жылдығына «От тихого Дона до седого Урала», А.Т. Твардовскийдің 115 жылдығына «Теркин без глянца», саяхатшы Григорий Потаниннің 190 жылдығына «Схождение судеб» атты көрсеткіштер құрастырылды.

Маңғыстау өңірі ақын-жазушыларының еңбектерін кеңінен насихаттау мақсатында авторлармен келісімшарттар жасалып, кітаптардың электрондық нұсқаларын әзірлеу және оларды Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасы (KazNEB) порталына орналастыру жұмыстары жасалуда. KazNEB – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен жүзеге асырылған жоба. Портал 2007 жылы іске қосылып, бүгінде ұлттық рухани мұраны сақтаудың маңызды алаңына айналды. Қазіргі уақытта KazNEB қорына Маңғыстау өңірінің 560-тан астам тұрғындасы енгізіліп, оқырмандарға еркін қолжетімді болып отыр.

Сонымен қатар өңірлік «Маңғыстау» (1973 жылдан) және «Огни Мангыстау» (1970 жылдан) газеттерінің барлық сандары цифрландырылып, электрондық форматта оқырман игілігіне ұсынылуда.

Қорытындылай келе, анықтама-библиографиялық бөлім заманауи кітапхана қызметінің ажырамас бөлігі ретінде ақпараттық кеңістікте белсенді еңбек етіп келеді. Кітапхана – оқырман мен кітапты жалғаса алтын көпір. Жас ұрпаққа саналы тәрбие беруді басты мұрат еткен кітапханашылар қауымы барша оқырманды рухани ордаға келіп, әдебиет пен білім әлеміне саяхаттауға шақырады.

А.ХИБАСОВА,
анықтама-библиографиялық бөлімнің меңгерушісі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – басты басымдық

Мемлекет басшысының 2025 жылғы 30 маусымдағы №927 Жарлығымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыру, осы саладағы жұмыстарды үйлестіру, сондай-ақ заң бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша маңызды өкілеттіктер жүктелді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 5 қаңтардағы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтқандай, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударды. Қазір бұл – мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы екендігін атап өтті. Жалпы жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады.

ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, ПРЕВЕНЦИЯ

Бүгінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты түбегейлі жаңарды. Егер бұрын негізгі мақсат қылмыскерді құрықтау болса, қазіргі басымдық – жемқорлыққа жол бермейтін жағдай жасау (превенция). Біздің департамент – агенттіктің өңірдегі өкілетті органы ретінде Маңғыстау облысында мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және жемқорлықтың алдын алу шараларын тікелей жүзеге асыруда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қылмыстың алдын алу үшін ағарту жұмыстарына айрықша назар аударылады. Жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениетін қалыптастыруды бала кезден бастау қажет, бұл істе мектеп пен ата-ананың рөлі шешуші.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ЦИФРЛАНДЫРУ – СЕНІМ НЕГІЗІ

«Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының өзегі – ашықтық пен есеп берушілік. Тұрғындар мемлекеттік биліктің тиімділігін Астанадағы министрліктердің емес, өз ауылындағы немесе қаласындағы өкімдіктің жұмысына қарап бағалайды. Сондықтан жергілікті билік органдарының

ашықтығы – жемқорлыққа қарсы иммунитеттің негізгі факторы.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жемқорлықты жоюдың ең тиімді жолы – процестерді автоматтандыру және адами факторды жою. Өңірімізде мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру жұмыстары қарқынды жасалуда, бұл «таныс іздеу» немесе «пара ұсыну» сияқты келеңсіздіктердің жолын кеседі.

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІ

Департамент ережесіне сәйкес біз қылмыстың салдарымен емес, оның себептерімен күресуді мақсат тұтамыз. Осы бағытта мынадай жүйелі шаралар атқарылады:

- **Төуекелдерге талдау жасау:** Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік сектордың жұмысындағы «қуыстарды» анықтап, оларды жою бойынша ұсынымдар беру.
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет:** Қоғамда адалдық идеологиясын насихаттау және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жасау.
- **Комплаенс-қызметі:** Квазимемлекеттік секторда корпоративтік адалдық стандарттарын енгізу.

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекеттік қызметші болу – артықшылық емес, зор жауапкершілік. Бір ғана шенеуніктің заңсыз әрекеті бүкіл жүйеге көлеңке түсіретінін әрбір басшы түсінуі тиіс. Сонымен қатар азаматтардың да белсенділігі маңызды: заңды талап ету және пара беруден бас тарту – таза қоғамға жасалған маңызды қадам.

Біз ашық диалогқа әрқашан дайынбыз. Маңғыстау өңіріндегі заң үстемдігі мен мемлекеттік қызметші абыройы – барімізге ортақ мүдде. Әрбір мемлекеттік қызметші өз жұмысын адал әрі халыққа жақын болып атқарғанда ғана біз биік мақсаттарға жетеміз.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

«АТАМНЫН АМАНАТЫ» ҰЙЫМЫ – ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылғы 5 қаңтарда «Түркістан» газетіне берген сұхбатында «Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы күштеріміздің технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті» деген болатын.

«Atamnyn Amanaty» ұйымының миссиясы – тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар сабақтастығын арттыру, жастарға рухани-адамгершілік және әскери-патриоттық тәрбие беру және осы бағытта мемлекетке барынша қолдау көрсету. Қазақстан сол соғыста хабар-ошарсыз кеткен азаматтарын іздеуші әлемдегі санаулы мемлекеттердің қатарынан. Майданға кетіп, із-түзсіз жоғалғандардың саны 271 мыңнан асады. Бұл шаруамен 2019 жылдың 19 мамырында құрылған «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі айналысады. Содан бері ұйымның ресми сайты, әлеуметтік желілері және байланыс телефондары арқылы хабарсыз кеткендерді іздеуге 12 мыңнан астам өтініш келіп түскен. 4500-ден астам қазақстандық жауынгерлердің жерленген жерлері мен жеке бастарын анықталды. Майдан даласынан табылған 23 сарбаздың сүйегін Қазақстанға жеткізіп, әскери құрметпен салтанатты түрде жерленді.

Далалық қазба жұмыстарын жүргізуде біздің ұйымның біршама тәжірибесі бар. Біздің еріктілер жасағы Ресейдің Калуга облысы аумағындағы «Батыс майданы. Варшава тас жолы» халықаралық әскери-тарихи экспедициясына тұрақты түрде қатысып келеді. Бірер жыл бұрын біздің еріктілер 387-ші Ақмола атқыштар дивизиясы соғысқан Ульяновск ауданында жерлеріміздің құрметіне ескерткіш-белгі орнатып қайтты.

«Мың естігеннен бір рет көрген артық» дейді қазақ. Сол себепті Астана қаласының бір топ студенттерін қала түбіндегі әскери бөлімдерге алып бару дәстүрге айналды. Жасөспірімдер сапар барысында казармадан бастап, қару-жарақ, әскери техникалармен, иісілп иттермен танысып, солдат ботқасынан дәм татып, жауынгерлік өмірмен етене танысады. Бір күннің ішінде олардың әскери қызметке деген көзқарастары түбегейлі өзгерді деуге болады. Көбі бұрынғы ойларынан айналып, қажет болса Отан қорғаушысы ретінде салқа тұруға тілек білдіріп жатады.

Ұлы Абайдың: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Әлмейтуғын артында сөз қалдырған?» деген өлең жолдарын соңына өшпес із тастап, өлмес ерлік жасаған кез келген азаматқа айтуға болатындай. Кешегі қан майданда қас дұшпанмен арыстандай айқасқан батырдың бірі – Байбоп Рахметов. Зеңбірек көздеушісі болған Сыр перзентінің сүйегі сексен жылдан астам уақыт өткен соң Псков түбінде табылып отыр. Топырақ астынан өзімен бірге кезі тірінде қаһармандығы үшін алған «Қызыл жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалі бірге шықты. Сүйегі Псков облысынан табылған тағы бір боздақ ол – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаған ауданы, Ақбастау ауылында 1921 жылы дүниеге келген Мұсахан Қалмырзаев. Оның да дерегі «Ерлігі үшін» медалінің номері арқылы анықталды.

Былтырғы жылдың басты оқиғаларының бірі – осы екі майдангердің өлге оралуы деуге болады. 2025 жылдың соңғы күндері олардың сүйегі әскери ұшақпен Қазақстанға жеткізіп, 80 жылдан астам уақыт сарыла күткен туыстарына табыс етілді. Бірі Түркістан облысында, екіншісі Қызылорда облысында әскери құрметпен жерленді. Біз осы сауатты іске атсалысқан барлық азаматтарға алғыс айтамыз. Ал «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің жұмысы жаңа жылда да жалғаса бермек.

Мысалы, жаңа 2026 жылға мынадай жобаларды әзірлеп, соларды іске асырудан үміттіміз:

1. Қазақстаннан шақырылған және Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан солдаттар мен офицерлер туралы электрондық деректер құру. Ұлттық платформа нақты ақпаратты сақтап, олардың есімдерін ұрпақтарға жеткізіп, олардың үлестерін мойындауды қамтамасыз етеді.
2. Халықаралық әскери-тарихи экспедиция «Батыс Қазақстан – Сталинград шайқасының алдығы шебі». Мақсат – соғыста қаза тапқан солдаттардың және бейбіт тұрғындардың сүйектерін көтеріп, есімдерін қалпына келтіріп, ескерткіштер орнату. Бөкейорда ауданында зерттеуді қажет ететін 40–50 бауырлас қабір бар.
3. Соғыс жылдары Қазақстан аумағында эвакуациялық госпитальдардың тарихын зерттеу, госпитальдарға жерленген орындарды анықтау, оларды абаттандыру және естелік тақтайшақарын орнату. Соғыс жылдары Қазақстанда шамамен 150 000 жаралы емделді, олардың көпшілігі қаза тауып, жергілікті зираттарға жерленді.
4. Еуропада қаза тапқан қазақстандық солдаттарды іздеу. Қолда бар деректерге сәйкес 2,2 миллионнан астам қызыл әскерлер, оның ішінде қазақстандықтар да бар, белгісіз жауынгерлер ретінде жерленген. Бұл жоба олардың есімдерін қалпына келтіріп, Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесін халықаралық деңгейде мойындауға көмектеседі.

Бұл – ата-баба аманатын орындауға, ерлікті ұмытпауға, елдікті ұлықтауға, және ұлт тарихындағы тағы бір ақтаңдақты жабуға бағытталған ипілтікі іс. Өйткені әскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды, атаңсуыпшісі сөзіміз қалыптастыру мемлекет басшысы айтқандай ортақ парызымыз.

Майданда хабар-ошарсыз кеткен туыстарын іздегістер деген адамдар болса бізге төмендегі байланыс телефондары арқылы тегін өтініш бере алады: 8-776828-45-35; 8-776-828- 45-34; 8-701- 999-78-20, ata.amanaty@gmail.com.

Мұрат МОЛДАҒАЛИЕВ,
«Atamnyn Amanaty» ҚБ басқарма төрағасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Oil Construction Company» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес сағат 15:00-де 2026 жылғы 10 наурызда Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, Жаңақұрылыс шағын ауданы, 305, мәдениет үйі ғимаратында 2026–2031 жылдарға арналған «Oil Construction Company» ЖШС қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға жобалық құжаттама бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru, s.bazarbay@mangystau.gov.kz> танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы 43°35'22" с. ш. 52°06'51"

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері: «Oil Construction Company» ЖШС, БСН: 020640002982, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 25-шағын аудан, 46-ғимарат. Тел: +7 775 919 2083. laura.akimova90@mail.ru.

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері: «ТАЛРЫС» ЖШС, БСН: 200840009053, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Уәлиханов көшесі, 21-үй, 54-пәтер, askar.ikhshanov@mail.ru, +7 701 170 1956.

Ескертулер және (немесе) ұсыныстар ақпараттық жүйе арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Сілтеме ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz> <https://us05web.zoom.us/j/89264466132?pwd=yU4sASwNdS5cU8zplVtXMyjcaNNW.1>

Конференция идентификаторы: 892 6446 6132

Кіру коды: 1f0c0z

Қосымша ақпаратты келесі электронды мекен-жай askar.ikhshanov@mail.ru бойынша және мына телефон нөмірі арқылы +7 701 170 1956 алуға болады.

Нотариус С.Н.Диханова, 30 қараша 1973 ж. туылған азамат **Самбаев Муса Измухамметовичтің** мұрагерлеріне іздеу салуда. Мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша хабарласуын сұраймыз:

Ақтау қ., 8-ша, 39-үй, «Элит Альянс» бизнес орталығы, 118-каб.